



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

гимназиясының оқушысы Сабыралиева Мадина «Шіменбай Әлшориннің шығармашылығы» деген тақырыпта ғылыми жұмыс жазса, Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ –ның түлегі Өтепбаев Тоба «Шіменбай Әлшориннің түрмеде жазған шығармалары» деген тақырыпта дипломдық жұмысын қорғады.

Осы мақаланы жазар барысында біз де ақынның күнделік-дәптерімен, ақын туралы жазылған жұмыстар мен мақалаларды шолып, жинастыра бастадық. Тағы да ғалым Айбек Қалиевтің пікіріне жүгінсек: «Әлемдік әдебиеттану үдерісінде түрме әдебиеті, түрме поэзиясы деген ұғымдар бар. Әсіресе, соңғы жылдары цензурадан құтылған ТМД ауқымындағы елдер поэзиясында бұл туралы зерттеулерге бару үрдісі кең етек алды. Қазақ әдебиеттанушылары осыдан біраз жылдар бұрын «Қапаста жазылған жырлар» деген атаумен Алаш арыстарының, кеңес заманында абақтының дәмін татқан қоғам қайраткерлері мен ақындардың өлеңдерін жинақ етіп бастырды. Бұл жинаққа біздің елден Ахаң мен Жақанның, Файзолла Сатыбалдыұлы мен Әлмағамбет Оспанұлының түрмеде жазған жырлары енді. Егер біздің әдебиеттануымызда поэзияның бұл саласы зерттеліп, зерделенсе, Торғай өңірінің біраз ақындары, оның ішінде Шіменбай Әлшориннің шығармашылығы аталған зерттеулерден берік орын алары сөзсіз». Жақсы пікір. Ақын шығармашылығын зерттеуге берілген нақты бағыт-бағдар. Осы пікірді оқығаннан кейін, біз де ақынның шығармашылығымен толыққанды танысып, поэзиясының әлеміне үңілуді жөн санадық. Әрине, ол – болашақ ісі.

ӘОЖ 82. 353. 1=512. 122=030

**Р.АКУТАГАВАНЫҢ «ТОЗАҚ АЗАБЫ» НОВЕЛЛАСЫНДАҒЫ ЖАНРЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ ҚҰРБАНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

Төлегенова Мөлдір Елжанқызы

Moldir_inder94@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, «филология: қазақ тілі»
мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – О.Темірбеков

1918 жылдың шілде айында «Осака майнити» газетінде Акутагаваның ең үздік новеллаларының бірі «Тозақ азабы» жарық көрді. Новеллаға арқау болған өзек – таңдау мәселесі. Бірақ бұл жай таңдау емес - көңіл таңдауы: тілек пен парыз арасындағы, өнер мен адамгершілік арасындағы таңдау.

Шығарманы оқи отырып қызығасыз, түршігесіз, түңілесіз, өнердің өмірге артатын өз талаптары бар екендігіне еріксіз көзіңізді жеткізесіз. Оған осы «Тозақ азабы» шығармасының бар мазмұн-мәні жауап беріп тұр.

Новелладағы әңгіме император қызметшісінің атынан баяндалады. Ол болған оқиғаны өз көзімен көрген адам. Және олай болуы да автор тарапынан қолданылып тұрған психологиялық тәсіл болып тұр. Яғни автордың ойы оқырманға шын болған тарихи оқиға ретінде жетеді.

Стругацкий бойынша Акутагаваның өнерде көздеген нақты мақсаты адам сезімін сипаттау емес, адам сезіміне психологиялық тұрғыдан талдау жасау. Ол үшін ерекше бір оқиға керек. Себебі оқиға біркелкі ерітіндіге тасталған катализатордың бір түйірі тасталғандағыдай химиялық реакцияның орын алуына алып келеді. Әрине, ол реакция адам бойынан әр түрлі өмірлік әрекеттер бейнесінде көрініс береді. Аталған новелладағы негізгі психологиялық талдауға алынған адам ол – Есихиде.

Новелланың сюжеті бір тарапты өрбиді. Оның негізінде тозақ азабы бейнеленген суреттің пайда болу, жасалу тарихы жатыр. Бұл суретті император «өз заманыныңда онымен өнер таластыратын адам болмаған суретшіге» [2, 29] салуға бұйырған болатын. Оның есімі – Есихидэ. Және өзінің таңғажайып өнеріне қарамастан ол «су шығармас сараң, ұялуды

білмейтін бетпак, жалқау, ашкөз, ол аз болса шадыр, өркөкірек» адам еді. [2, 34]. Бұл адамның өмірде жанындай сүйетін екі нәрсесі болды – өнер және оның жалғыз қызы. Ол өзі сүйген екі дүниені бір арнаға тоғыстыра білген болатын. Бірақ бұл сезім суретшінің императорға келіп көз алдында сұлу әйел отырған күймені отқа жағуға рұқсат сұрағанға дейінгі жағдай еді. «Мен көзбен көрмегенді еш уақытта бейнелей алмаймын» - деді ол. [2, 58]. Нәтижесінде бірнеше күн өткеннен кейін жоғары мәртебелі император суретшінің өтінішін жүзеге асыруға бұйырады. Бұл сәт шығарманың ең шарықтау шегі болып табылады. Күймеде отырған ... Есихиденің қызы! «Шарасынан шыға шақырайған көзі, қиюы қашып қисайған ерні, тынымсыз жыбырлаған беті Есихиденің жан дүниесіндегі алапат арпалыстың, кеудесінде сәт сайын алмасып жатқан үрей, шошыну – шарасыздықтың айғағындай. Басы кесілер кездегі ұрының, күнәға белшесінен батып, құдай тағаланың әділ қазыларының алдына барып жығылған қаныпезердің де жүзі дәл осындай болмас-ау» [2, 67]. Бас кейіпкер өзінің өмірлік құндылықтарының бірін ғана таңдауға мәжбүр болды. Ол нені таңдайды екен?

Күйме отқа оранады. «Бірақ бір ғажабы: жаңа әлгінде ғана нағыз тамұқ азабын тартқандай қиналған суретші енді ұлы мәртебелінің бар-жоғын естен шығарып, әжімді жүзі сәуленіп, шексіз таңданыстан сәуленіп, екі қолын кеудесіне айқастыра ұстап таң – тамаша болып тұрды. Бұл сәтте Есихиденің жүзінде, бар болмысында екі аяқты пендеде болмайтын, қаһар шашқан арыстанның айбарына ұқсаған сесті айбын бар еді» [2, 69]. Осылайша басты кейіпкер өз өмірлік ісіне, өнерге тағзым етті. Өз таңдауын жасады. Суретші туындысын аяқтады және «әлгі суретке қарағандардың қай-қайсысы болмасын тозақ отын көзімен көргендей, тозақ азабын басынан кешкендей жүні жығылып, бір түрлі жасып қалатын» [2, 71]. «Суретті салып бітісімен ол өз бөлмесіндегі көлденең тіреу ағашқа асылып өлді». [2, 71]. Себебі, бұдан әрі өмір сүрудің еш мәнісі болмады.

Автордың өзі бұл туындыны жанрлық жіктелуіне қарай новелла деп таниды. Расымен де, туындының новеллалық-жанрлық белгілерінің бірқатарын атап көрсетуге болады.

Біріншіден, өткір үдемелі сюжетті болуы. Акутагава градация тәсілін пайдалану арқылы картинаның қалай салынғандығын суреттейді: Есихиде шынжырланған шәкіртін, өзінің түсіне кірген тозақ құлдарын, жыртқыш құспен алысып азапқа түскен адамды және де өртке оранған күймені бейнеледі.

Екіншіден, новелладағы кейіпкерлер саны көп емес және олардың мінездері сюжеттік желіде құбылмайды. Автор Есихиденің жан-жақты сипаттайды, туындыға оның қызының өмірін баяндайтын тарауларды кірістіреді, ұлы мәртебелі императордың «ұлы» істері туралы хабар береді. Және Есихиде атты маймылдың ерекше өмірі туралы ақпар береді. Олардың әрқайсысының өзіндік өмір жолы бар, бірақ бәрі де басты кейіпкер тағдыры маңайында шоғырланады.

Үшіншіден, баяндау негізінде адам естімеген шытырман оқиға жатыр және ол күтпеген шешімге ие.

Төртіншіден, шығарманың символикалық қасиеті, яғни көне жағдаяттарға деген жаңа көзқарас көрініс береді. Шынымен де, туындыда Жапон әдеби дәстүрімен тығыз байланысты деталь-символдар көптеп кездеседі. Суретші Есихидеде бірнеше лақап ат бар: «Тираэйдзю» - шайтан, «Сарухидэ» - маймыл. Жапон халық ауыз әдебиетінде маймыл көп жағдайда адам табиғатының жағымсыз бейнелерін сипаттауда пайдаланылатын карикатура ретінде қолданылған. Кейбір ертегілерде маймыл қулық, шапшаңдық және жауыздық қасиеттерімен көзге түссе, келесі бір ертегілер тобында данагөйлік және адалдықтың символы болып табылады. Бұдан бөлек маймыл шығыс күнтізбесіндегі он екі шоқжұлдызының қатарына кіреді. Мифологияда маймыл зұлымдықтан қорғаушы кейпінде көрінеді. Лингвистикаға жүгінсек, Сару – қуу, қуып шығу етістігінің омонимі болып табылады. Сол себепті, бұл жануардың қорғаушы-тұмар атауын алуы таңғаларлық жайт жайт емес.

Жапон дәстүрлі әдебиетіне тән тағы бір ерекшелік – суретшінің тұлкімен салыстырылуы. «Когда Есихидэ брался за работу, в него точно лиса вселялась» [1, 132].

Мәтіннен сілтеме көрсетуге бұл жолы Н.Фельдман аударған орыс тіліндегі нұсқасын алып отырмыз. Себебі қазақ тіліндегі Б.Қожабекованың аудармасында дәл осы жолдар

мағыналық аударма тәсіліне салынып тәржімаланған: «Есихидэ сурет салуға кіріскенде кеудесін жын жайлағандай аласұрып, арқасы қозып кетеді» [2. 42]. Бұл жерде сөз болып отырған «түлкі» бейнесі жапон халқының таным-түсінігінде орныққан реалиялардың қатарынан орын алады. Сондықтан да реципиент тіл (қазақ тілі) үшін бірінші орынға түсінік сәйкестігі шығады. Аударманың осындай түйткілдеріне ғылыми тұрғыдан қарасақ қана орынды болар еді.

Жапон халық ауыз әдебиетінде осы секілді жануарлар үлкен білімге, ұзақ өмірге және тылсым қасиеттерге ие. Мысалы түлкі жапон халқының түсінігінде уақыт пен кеңістікті өзгертуге, адамдарды ақылынан алжастыруға және адами емес фантастикалық пішімдерді қабылдауға қабілетті. Жапон дүниетанымында жын-шайтанның бір түрі болып табылады.

Акутагава маймыл мен суретшіге бекерден-бекер бір есімді бермейді. Осы арқылы автор оларды көрінбейтін жіп арқылы байланыстырады. Новеллада маймыл адам жанының көпқырлылығын таныту құралы болады. Мәселен ол ұрлыққа да барады және адал да бола алады. Барлығы тек оның шешім қабылдауына байланысты. Бұл жерде Акутагаваның адам жанының нәзік тамыршысы ретіндегі шеберлігі көрініс табады. Қарастырылып жатқан шығармада ол көптеген мәселелерді анықтайды бірақ шешім мен негізгі түйінді оқырманның тарапына қалдырады.

Айта кететін тағы бір жайт, суретшінің қызы мен император арасындағы қарым-қатынас. Баяндаушы қызметші әйел тарапынан айтылатын ел аузындағы императордың қызға деген көңілі жайлы сыбыстар оқырманды ойландырады. Шынымен де күймедегі әйелдің орнына не себепті суретшінің қызын отырғызуға бұйырғаны сұрақ туғызады. Қыздың тарапынан патшаның көңілін қайтарған әрекет те осыған жетелеуші себептердің бірі сияқты. Сол үшін де, яғни, ескерусіз қалдырылған патшаның сезімінің қарымтасы ретінде император бір жағынан, қыздан өшін алып, екінші жағынан, адамшылық сезімнен жүрдай, қатігез суретшіге өмірлік сабақ береді.

Егер де императордың қызға деген сезімі болмаса отқа тірілей тасталған әйелдің өліміне бұлай қайғырмас еді: «бет-жүзі адам танымастай әлем-тапырық бұзылып, өңі қан-сөлсізденіп, езуі көбіктеніп, қолымен сиякөк жібек жабылған тізесін сығымдап, тамағы қиылған аң құсап қырылдап, аузымен ауа қармап азаптанулы тұғын» [2, 70].

Автор оқырман алдында бір оқиға желісінде көрініс табатын үш кеңістіктің есігін айқара ашады: **кек – адамгершілік – өнер.**

«Слова Пигмея» деген философиялық толғамдары жазылған еңбегінде былай дейді:

«Творчество всегда риск. После того как силы человека исчерпаны, он может уповать лишь на волю небес – иного не дано.

Когда я был молод и учился писать, то страдал оттого, что не получалось гладко. Скажу одно: старания лишь полдела, одними стараниями не достигнешь совершенства. Только состарившись, начинаешь понимать, что упорство еще не все: „три части – дело человека, семь частей – дар неба“. Это стихотворение Чжао Оубэя в „Луньши“ подтверждает мою мысль. Искусство – мрачная бездна. Если бы не жажда денег, если бы не влечение славы, если бы, наконец, не страдания от творческого жара, то, возможно, у нас не хватило бы мужества вступить в схватку с этим зловещим искусством» [1, 500].

Осындай атаққұмарлық, өзін өзгелерден биік санайтын Есихиде өзінің өмірлік картинасын жасауда көзсіз тәуекелге барды, жалғызын құрбандыққа шалды. Шығарманың бас кейіпкері Есихиде тағдырының осындай аянышты аяқталуына қарамай өнердің өміршендігін оның бір адамның тағдырымен мүлдем салыстыруға келмейтінін автор айтады.

Өмірінің соңғы кезінде жазған «Жизнь Идиота» шығармасының алғашқы жолдарында **«Адам өмірі Бодлердің бір жолына да тұрмайды!»** - дейді Акутагава. Адам өмірі тендессіз шедеврмен салыстырғанда түкке тұрғысыз. Есихиде шешімі дұрыс болады, яғни шығармашылық адамға нағыз қуаныш сыйлай алатын өнер ғана! Ол кез келген құрбандықты жуып-шай алады. Кез келген қылмысты ақтай алады. Өмірдің мақсаты тек өнер болуы мүмкін, ақыр аяғында ол күллі адамзат баласының тіршілігінің мәні болып табылады. Бұл жазушының ашқан үш жаңалығының екеуін қамтыған болатын.

А.Стругацкий Акутагаваның ашқан үш шығармашылық тәсілін ашып көрсеткен. Олар төмендегідей:

- *Шығармаларына ежелгі фольклорлық желілерді арқау ету*; Мысалы, «Ворота Расемон», «В чаще», «Бататова каша» және т.б.
- *Өнермен салыстырғанда адам өмірінің түкке тұрғысыздығы*; «Адам өмірі Бодлердің бір жолына да тұрмайды!»
- *«Өнер бәрінен жоғары» принципін ұстануы*;

Акутагаваға әлемдік даңқ әкелген осы үш тәсілдің бірлігі болып табылады. Және осы дәрежеге көтерілуде де ол өмірдің талқысын барынша көрген болатын. Оның әр шығармасының кейіпкерлері мен Акутагаваның өз өмірінен үндестік пен сәйкестік табамыз. Тіпті әңгіме болған «Тозақ азабындағы» Есихидэнің өзінен де нағыз шығармашылық адамының бойынан табылатын потенциалды көруге болады. Ол және Акутагава Рюноскэнің өзінен де, сөзінен де көрінеді. «Десять правил для писателей» мақаласында былай дейді:

«Поскольку писатель не может надеяться, что жизнь его будет спокойной и мирной, он должен полагаться лишь на жизненные силы, деньги, философское отношение к жизни (быть способным вести неустроенную жизнь). Нужно твердо помнить, что, как это ни неожиданно, спокойная жизнь и писательство — понятия, как правило, несовместимые. И тем, кто стремится к мирной жизни, лучше не становиться писателем».

Осылайша Р.Акутагава адами жарымжандылық және мораль мен дін, өнер мен өмір арақатынасы, әлеуметтік әділетсіздік және әке махаббаты мәселелерін көтереді. Және автор өз ойын білдіруде новелла жанрын кездейсоқ таңдамайды. Себебі, ол өзіндік ерекшеліктері арқасында ешбір қиындықсыз оқырман көңілін туындының терең мәніне аударта алады. Өзінің новелласында Акутагава жанрдың негізгі белгілерін сақтайды, алайда детальдар мен жарқын бейнелер арқылы есте қалатын ұлттық колоритті енгізу арқылы құрылымын өзгертеді. Жанр жапон халқының ерекше мәдениетімен үйлесім табады. Сол себепті әдебиеттің келесі кезеңінде – XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында дами түседі.

«Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» - демекші қай ұлттың ұлы болмасын, қай салада қалам тербемесін, қандай өнер туындыларын тудырмасын ол әлем халқының игілігіне, болашақ ұрпақтың қамына жасалғандықтан мәңгілікке желі тартып қалмақ. Акутагава Рюнескэнің де шағын бола тұрып ауыр да өткір мәселелерді көтерген шағын ғана әңгіме, новеллаларының осы күнгі актуалдығының өрістеуінің бірден бір себебі жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлы өнерді, адам рухының мәңгілік дүниесі, адам психологиясы туралы тақырыптарды өзінің шығармашылық жолының негізгі мақсаты, жолы деп алуымен байланысты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Акутагава Р. Новеллы. Москва: «Художественная литература», 1989. – 574 с.
2. Акутагава Рюноскэ. Тозақ азабы: (Новеллалар). Астана: - Аударма, 2011. – 344б.

УДК 821.112.2

КРЫСОЛОВ ИЗ ГОРОДА ГАММЕЛЬНА: КЛЕМЕНС БРЕНТАНО И МАРИНА ЦВЕТАЕВА

Утебаева А.С.

Altynshash1978@mail.ru

Магистр иностранных языков, преподаватель кафедры «Теории и практики обучения иностранному языку и переводу» ЗКГУ им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан
Научный руководитель - М.В.Чечетко, к.ф.н., доцент

В данной статье речь пойдет об использовании легендарного сюжета мастерами разных национальных литератур и исторических литературных эпох: легенда о музыканте-